

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 22 ақпандағы № 51 "Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балалардың отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету Ережесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № 31 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 наурызда № 26998 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Ақжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 22 ақпандағы № 51 "Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балалардың отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету Ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-4-26 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақжар ауданының әкімі

К. Калиев